

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

жетістіктері мен сәтсіздіктері индивидтің өзінің қабілетіне баға беруіне әсер етеді. Жалпы өзін-өзі бағалауда тұлғаның жеке-дара ерекшеліктерін де ескеру қажет. Тұлғаның өзіне берген бағасы тұрақты емес, ол әр-түрлі жағдайларға байланысты өзгереді. Бала өзінің интеллектуалдық деңгейіне өте үлкен мән береді және де басқалар оның бұл мүмкіндігіне қандай беретіні жиі мазалайды, ол танымдық іс-әрекетінде өзін-өзі бағалау рөлін зерттегенде анықталған. Өткізілген зерттеу бойынша бірде-бір оқушы (сонымен қатар үлгерімі төмен оқушылар да), өздерінің үлгерімі төмендігі және тұрақсыздығының себебін интеллектуалдық қабілетін төмен деп санамайды. Олар өздерін жалқау, тәртіпсіз, жауапкершіліксіз деп санайды [6].

Бала өзін бақытты сезіну үшін, қиындықтарды жеңу үшін, жақсы және жаңа жағдайға тез бейімделу үшін ол өзі туралы жақсы ойлау қажет. Өзін-өзі бағалауы төмен бала әрбір істе кедергілерге тап болады. Олардың қобалжу құрбы-құрдастары мен сыныптастарымен қарым-қатынас құруда қиналады, оқуда қатты қобалжиды. Егер ата-ана әрдайым баласына «сен тәртіпсіз, сенің қолыңнан түк келмейді»- деп айта берсе, онда ол бала өзін солай қабылдайды. Ата-анасынан басқа оның мінезін кім жақсы біледі? Сондай-ақ, егер мұғалімдерден өзі туралы жалған пікір естісе, бала өз мүмкіндіктерін жоғары бағалай бастайды. Өзін-өзі бағалауы жоғары адамдар өзінің тәжірибиесін дұрыс қабылдайды және бағалайды, ол өз кезегінде өзін-өзі позитивті қабылдауда көмек береді. Керісінше, өзін-өзі бағалауы төмен адамдар әр сәтсіздіктерін қабылдауы, оның «Мен-тұжырымдамасын» жақсартуын қиындатады. Оларды өздері жасаған іс-әрекетінің нәтижесіне басқалар қандай баға береді екендігі жиі мазалайды, сонымен қатар олар өз ісінің нәтижесіне төмен баға береді. Мұғалімдер оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырған кезде, көбінесе баланың жетістіктерін тек қана оның интеллектуалдық қабілеті арқылы жеткен жетістіктер деп санайды. Бірақ, сонымен қатар баланың өзін-өзі бағалауына, оның оқуда болатын әртүрлі ситуацияларға байланысты өз мүмкіндігін пайдалана білуін ескеру қажет. Неғұрлым ақпарат көзі сенім туғызса, сондағанаол біздің өзімізге деген көзқарасымызға әсер етуі мүмкін, бұл ішкі бағдарды өзгерту зерттеулерінде дәлелденген. Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналардың баланың «Мен-тұжырымдамасы»-ның қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақала 5.01.2021
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы.
3. Жарыкбаев Қ.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. Алматы, 2006. -429 с.
4. Маклаков А.Г. Общая психология. -М.: «ПИТЕР», 2010, 2015.
5. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Оқулық – Алматы.: 2012.
6. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 1996. – 224 б.

## **ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ ТҰЛҒАСЫ**

**Сейтказина К.О.**

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

**Салауатов Н.С.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Көне көз қариялардан «аузы дуалы би өтіпті...», «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жерді қорғаған батыр өтіпті...», «мыңды айдаған, төрт түлігі, төрт құбыласы тең бай болыпты...» деп отыратын сөздерін үнемі еститініміз анық. Осы сөздердің мәніне үңілсек, қазақы танымдағы еш қоспасыз айтылған ой екенін байқаймыз. Әрине, жер қайыстырған жылқысы, белді басқан қойы, далаға сыймаған ірі-қарасы бар ауқатты байлардың болғаны аян. Оның ішінде, кейбір қазақ байларының ел үшін жасаған еңбектері өлшеусіз екені мәлім. Солардың бірі - ел тарихындағы Құнанбай Өскенбайұлының халық үшін жасаған еңбегі.

Құнанбай әкесі Өскенбайдың тәрбиесін ала отырып, ел билігіне араласты. 1834 жылы әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған. 1846 жылы генерал Вишневскийдің ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А. Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған, әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған»-деп сипаттайды [1].

Құнанбай оқу оқып, білім алуды ерекше бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, еліне, қоғамына білім таратып ұстаздық ететін өзге ұлт өкілдерін жанына жинады. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысқақ тұқымы, Түркістаннан келген Бердіқожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазапай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бәшібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, тобықты ішіне оқу-білім таратқан жандар.

Құнанбай байлық пен билікті қатар ұстаған. Елге жасаған еңбегінде оның билігімен дәулеті аралас жүрді. Бір жағынан, елге үлгі етіп, екіншіден, өз тәрбиесін жетілдіру үшін, дәл өзінен туған бірнеше баласын шет қалаларға жіберіп оқытқан. Айғыздан туған Халиолла деген баласы Петербурда оқып, офицер шенін алып шығып, елге келгенде құрт ауруынан өледі. Абайды Семейдегі медреседе оқытады. Қолындағы басқа бар баласы да оқымысты болған. Әрине, Құнанбай тұсында баласын орысша оқытқан, әсіресе офицерлік, төрелікке арнап оқытқан қазақ феодалдарының бәрі де текке құр білім үшін ғана оқытқан жоқ. Шен ал, ұлық бол, сол арқылы еліңнің саясаттық үстемдігін нық сақтайтын бол, деп оқытқаны да рас. Құнанбайдың орысша оқытуында осы бір сыр аңғарылғандай.

«Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып, шала хат танып қалса да, Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, біріне-біріне салыстырып өздігінен хат танып, түркі кітаптарын оқитын болыпты. Және ноғай молдаларын сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып, хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің күзеу қорамыз «Ескі там» деген сол мектептің орны еді. Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да, намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молда айтқан соң, насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді» [2].

1845 жылы қаңтар айында Құнанбай Шекара басқармасына өз ауылында 1845 жылы қаңтар айында училище ашу жөнінде өтініш жолдайды. Ол арызға аға сұлтан Құсбек Таукин: «Кішік-тобықты болысының старшыны Құнанбай Өскенбаев 3-қаңтар күнгі баянхатында: өзі басқарып отырған қазақтардың қамы үшін училище ашып, азиялықтардың баласы орысша оқытқысы келетінін айтып, азиаттардың тілін білетін орыс мұғалім жіберуді өтінеді. Шекара басқармасы Өскенбаевтың бұл тілегін мақұлдағанымен, екі тілді бірдей білетін мұғалім табыла бермейтіндіктен, тобықты еліндегі тілмәшті қызметтен бос уақытында мұғалім ретінде пайдалануды ұсынады. Бірақ оған еңбекақы төлей алмайтындығын айтып жауап қайтарады. Кейін Құнанбай Ескі тамда мектеп ашып, онда ескіше сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп, көп жыл ұстаған. Балалары Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиолланың бәрі де алғашқы сауатын осы мектепте ашқан. Құнанбай балаларының білімін одан әрі жалғастыруға да ерекше ынтызар болды. Ибраһимді Семейдегі жаңа үлгідегі жәдидтік бағыттағы діни медресеге берді. Халиолланы 1859 жылы Омбы кадет корпусына оқуға жібереді.

Аға сұлтандық билікті қолына мығымдап ұстаған Құнанбаймешіт тұрғызу ісіне қатыстықимыл-әрекеттер бастайды. 1850 жылғы қаңтар айының 7-інде Құнанбай

Өскенбайұлының Шекара басқармасына жолдаған баяндама-хаты сол қиын-күрделі ұйымдастыру жұмыстарының бастамасы десе де болады. Араға және бір жыл салып, 1851 жылғы қаңтар айының аяғында Шекара басқармасы бастығына жолдаған қатынас қағазында Құнанбай мешіттің салынып бітіп қалғанын, оның жанынан имам-моллаға және оқу орына арнап құрылыс салынатынын, аға сұлтан өзі, кеңесші Сарғыз Доғалов ағаш үй тұрғызғысы келетін ниеттері барлығын құлаққағыс жасай отырып, мешіттен 15 метр жердей қашықтықта құрылыс жүргізуге рұқсат сұрайды. Сөйтіп, бұл құрылыстар аяқталғанда, ерекше бір шаршымал (квартал) қатар түзейтінін қуанышты сезіммен хабарлайды. Бұл құнды мұраға Құнанбай мен С. Доғалов қол қойып, мөрлерін басқан. Кеңесшілер Е.Лоунов пен Добшинскийлер де қол қойған. 1851 жылғы ақпан айының 26-жұлдызында Омбы генерал-губернаторының кеңесі мешіт жанынан имам Сарғыз Доғаловқа құрылыс жүргізуге рұқсат еткен қағаз жібереді. Оған штаб бастығы генерал-майор қол қойған. Наурыз айының 31-інде аға сұлтан Құнанбайдың кеңесшісі Добшинский шекара бастығына үстіміздегі жылдың 1-мамырына таман Қарқаралы мешітінің құрылысы толықтай бітетін болады деп мәлімдеме жазады. Оның 1851 жылғы тамыз айының 11-інде жолдаған екінші мәлімдемесінде Құнанбай Өскенбайұлы салдырған мешіт құрылысының жұмыстары түп-түгелімен аяқталып болды деп көрсетілген.

Ахат Шәкәрімұлы: «Қазақ балаларының оқығанын арман етіп көкसेген Құнанбай өзінің күзегінен ең алғаш там салдырып, сауын мал, азық жинап беріп, өз балаларымен қатар айналасындағы балаларды оқытқан. Құнанбайдың алғаш қойған оқытушысы Байдалының Сарымолдасы деп аталып кеткен. Онан кейін Ғабитхан еді. Жылына Ташкентке бір рет керуен жіберіп, өрік, мейіз, күріш және шығыс әдебиетшілерінің шығармаларын, түрік тіліндегі кітаптарды, «Мың бір түн» сияқты арғы замандағы ертегілерді, қисса кітаптарды алдырып отырған. Бұларға қоса ғибадат исламия, тәпсір, мұхтасар сияқты түрлі діни кітаптарды да алдыратын болған. Ол күзектің орны бүгін бар. Бұл қонысты «Ескі там» деп атайды, деп жазады [3].

1850 жылы ел арасында жоқшылық жайлап, қайыршылық көбейген тұстазекет-жәрдем жиғызған да ел ағасы Құнанбай еді. Сонымен қатар 1851 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторына хат жазып, Қарағайлы деген жерге кедей-жатақтарды орналастырып, оларды егіншілік кәсіппен шұғылдандыру үшін рұқсат та сұрап алған. 1860 жылдары әр болыстан бір ұл баладан жинап алып, шешек ауруына қарсы егуді үйретуге жіберген.

Құнанбай құдайға құлшылық етушілерге арнап Меккеде тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Халқы Құнанбайды жарлы-жақыбайды, сырттан келген басқа ұлт өкілдерін қолдап, пана болғаны үшін және әділ билігі үшін «Мырза» деп атаған. «Қалың елім мені мойнына бұршақ сап, ақсарбас айтып, Аллаға жалбарынып, екі рет ажалдан алып қалды, сол халқыма өле-өлгенше қызмет етуге тиіспін» деп отырады екен өзі. Бірі – жасында шешек шығып, өлім аузында жатқан сәттегі ел тілегі, екіншісі – қайынатасы Ағанас биден ештеңе алмай, басы қатты тұлпарын сұрап, отырып алғаны, ақыры алып, елінде жылқыға келген барымташыларды қуғанда найзаға шаншылып қалуы, сондағы елінің жалбарынып ажалдан аман қалуы. Құнанбай туралы зерттеуші Б.Сапаралин жылқы алған барымташылармен айқасқан Құнекеңнің қатты жараланып, өлім аузында жатқанда елінің кәрі-жасы мойындарына кісесін салып, көздерінде жас, Алладан оның амандығын тілегенін айтады. Есін жиған Құнанбайды көріп, ақсарбас шалған. Осында бір дерек назар аудартады. Құнекеңді білетін Шыңғыстау өз алдына, қазіргі Ақтоғай ауданындағы Қызыларай – Бегазы өңірінің бір кедей адамы оның жаны қалса екен деп, жалғыз сиырын сойып елге үлестіріпті. Таң қалған жұртқа: «Құнанбай – халықтың адамы» деген екен. Міне, бұл бағаға көп мағына сыйып тұр емес пе?! Кейіннен ауруынан айыққан Құнекең әлгі адамға риза боп, мол тарту, мал беріпті [4].

Қай кезеңде болсын, жомарт жүректі, қолы ашық жандар айналасында болып жататын топырақты өлім мен торқалы тойларға дәулеттерін еншілеп, ел игілігіне қатысты шаралардың басы-қасында болып, оң істерге мұрындық болғаны анық. Осы ретте, ел

аузында жүрген қазақ даласының мақтанышы Құнанбай мырзаның ел тарихында орны бөлек, бірегей тұлға екені дәлел.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар . -А., 1979.
2. Жұртбай Т. Құнанбай– А., 2004 ж.
3. Шәкәрімұлы А.Құнанбай туралы–Абай әлемі.kz
4. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. -А., 1995 ж.

## **ОНЫҢ УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ: Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ТҰЛҒАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

**Сулейменов М.А.**

т.ғ.к., доцент, Инновациялық Еуразия университеті,  
«Әлеуметтік-гуманитарлық білім және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының  
профессоры

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында былай деп жазады:«Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек» [1]. Бұл бізге өткенге, аға ұрпаққа құрметпен қарау міндетін жүктейді, еліміздің тұрақты дамуының маңызды шарты болып табылады.

Ғылымда да, қоғамда да мемлекеттік егемендікке ие болған кездегі біздің елімізде болып жатқан қайта құрулар жеке тұлғаның қоғамдық дамудағы рөліне қызығушылық тудырды. Өткен ғасырдың ортасынан бастап адам зерттеудің негізгі объектісіне айналатын «антропологиялық көзқарас» қалыптаса бастады. Қазіргі заманғы тарих ғылымы жеке тұлғаның тарихи даму заңдылықтарын емес, белгілі бір тарихи кезеңдегі әрекетін түсінуге тырысады. Бұл белгілі бір тарихи дәуірді неғұрлым толық және өнімді түсінуге ықпал етеді. Көрнекті мемлекет және саяси қайраткер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев отандық тарихта елеулі із қалдырды. Әдетте, белгілі бір елде кез-келген қайта құруларды жүзеге асыруға себеп болған қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық процестердің объективтілігін жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар, қайта құрулардың әдістері, ең бастысы, сипаты мен ауқымы нақты фигураның жеке ұстанымымен белгілі дәрежеде анықталғанын мойындау керек. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жеке басы мен еңбегін бағалау ол өмір сүрген уақыттың күрделі ерекшеліктерін түсінбей мүмкін емес.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол Минлиахмед пен Зәуре Қонаевтар отбасында 9 баланың үлкені болды.

Қала тұрғыны ретінде ол жалпы білім, содан кейін кәсіптік білім алуда елеулі қиындықтарды бастан кешірген жоқ. Бірінші кеңестік бесжылдықтардың рухына сәйкес ол инженер мамандығын таңдады. 1936 жылы Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтын бітірді. Оның мамандық таңдауы өзінің мансабының басталуынан бастап заңды жалғасын тапты. КСРО масштабындағы социалистік индустрияландыру алпауыттарының бірі - Балқаш мыс балқыту зауытын шикізатпен қамтамасыз етуге арналған Орталық Қазақстан шахталарының бірінде жұмыс істеу тапсырмасы - бұның айқын дәлелі. Д.А.Қонаев өзінің алғашқы еңбек ұжымында жұмысшы мамандығымен бастағанымен, көп ұзамай артта қалған бұрғылау цехының бастығы болды. Жас жігіттің табиғи бейімділігі, жақсы білімі, салауатты ынта-жігері мен амбициясы оған мансабының бастапқы кезеңінде өзінің жақсы жақтарын көрсетуге мүмкіндік берді. 1937 жылы ақпанда кәсіпорынның көп тиражды газетінде былай деп атап көрсетілген: «Казкрайкомның және КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының